

Хаттама №1

2022 жылдың 1 қыркүйек күні «Қызғалдақ» мектепке дейінгі бөбекжайында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатынасқан ата-аналар саны – 47

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбындағы баяндаманы тыңдап, талқылау.
Баяндамашы: К.Каленова
2. Хабарлама: «2021-2022 оқу жылының қорытындысы»
Хабарламашы А.Уразмуханбетова
3. «Мектепке дейінгі ұйым жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері»
Меңгеруші М.Утешева.
4. «Балабақшада рационалды теңестірілген тамақтануды ұйымдастыру»
Медбике: Д.Кабдрашева
5. Психологиялық тренинг өткізу: М.Қалданова
6. Ата-аналар комитетін қайта сайлау

Тыңдалды:

Күн тәртібінде I мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиешісі К.Каленованың «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбында баяндама жасап тыңдалып, талқыланды. (баяндама жалғанды)

Күн тәртібінде II мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері А.Уразмуханбетова «2021-2022 оқу жылының қорытындысы» есебі мен бөбекжай хабарламасы оқылып, жаңа оқу жылының 2022-2023 жылдарында балабақшаның алға қойған мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті. (Хабарлама жалғанды)

Күн тәртібіндегі III мәселе ағымдағы мәселелер:

Сөйлеу: М.Утешева – бөбекжай меңгерушісі

Биылғы 2022-2023 оқу жылында балалардың балабақшамен қамтылу деңгейі, биылғы оқу жылындағы бөбекжайда жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыс бағыттары жөнінде тоқтала келіп, бүгінгі заман талабына сай қарапайым білім дағдыларын балабақшадан меңгерту үшін, балаларды бар болғаны бес күн ішіндегі балабақшадан қалдырмау керектігі жөнінде ескерті. Балабақшадан баланы себепсіз қалдыруға болмайды бұл баланың жаңа ортаға бейімделуіне әсер етіп бейімделі жүйесін кешеуілдетеді. Балаңыздың денсаулығы үнемі бақылауда. Барлық адамда кемшілік болады егер біздің тарапымыздан немесе тәрбиешілер жағынан қандай да бір болмасын кемшілік байқасаңыздар тікелей маған жолығуларыңызға болады. Бүгінгі жалпы ата-аналар жиналысына келген ата-аналарға рахмет.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Д.Кабдрашева «Балабақшада рационалды теңестірілген тамақтануды ұйымдастыру» тақырыбында баяндама жасап тыңдалып, талқыланды. (баяндама жалғанды)

Күн тәртібіндегі V Ата-аналармен психологиялық тренинг өткізу психологі М.Қалданова.

Тақырыбы: «Отбасы»

Мақсаты: Ата-аналар балалары нені ұнатып нені ұнатпайтындығы туралы қаншалықты білетіндігін білу.

Күн тәртібіндегі VI. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау:

Ата-аналар пікірлесе отырып, бірауыздан ата-аналар комитеті төрайымын қайта сайлауға ұсыныс білдіре отырып, комитет мүшелерін қайта сайлады.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Тәжіғұлова Тілектес

Комитет мүшелері: Жазира Қайратқызы

Алтынай Ғарифуллина

Айнамкөз Қуанышқызы

Хатшысы: Мусина Гулсим деп ұсыныс білдірді. Ата-аналардың ұсынысы бойынша комитет құрамы бекітілді.

Сөйлеушілер:

Ата-ана: К.Сәрсенбаева

Биылғы оқу жылынан бастап менің немерем «Айгөлек» тобында тәрбиеленуде. Үлкен немерем өткен оқу жылында бөбекжайдың мектепалды даярлық тобына өтіп жатыр. Немерелерім келгеннен бастап балабақша да жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары мен мерекелік шараларды көріп, танысып жүрмін. Балабақшада барлық жұмыс жүйелі жүргізіліп отырылады, оны балабақша бұлдіршіндерінің аудан, облыс, республика көлемінде көрініп, жеткен жетістіктерімен таныспыз, кейбір жеткен жетістіктерімен баспасөз беттерінен де оқып-біліп жүрміз. Алдағы уақытта да ұжымға тек тынымсыз еңбекпен, табысты жетістіктер тілеймін. Биылғы оқу жылында да жоғары белестерден көрінулеріне тілектеспін.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді талқылай отырып, ата-аналар жиналысы төмендегідей **қаулы етеді:**

1. Бөбекжайдың ағымдағы оқу жылында жүргізілетін жоспарлы оқу-тәрбие жұмыстарын ата-аналармен жүйелі, тиімді ұйымдастырып өткізу топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.
2. Балаларды себепсіз бөбекжайдан қалдырмау ата-аналарға ескертіліп, оның орындалуын қадағалау топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.

Ата-анала комитетінің төрайымы:

хатшысы:

Т.Тәжіғұлова

Г.Мусина